

«Тарихи Торғай - Қарт Торғай» туған жерге экскурсия

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

**Елбасы
Нұрсұлтан Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
мақаласынан.**

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қоғамға жаңа серпіліс әкелді. Еліміздің жастары аталған бағдарламалық мақаланың аясындағы «Туған жер» арнайы жобасы көлемінде республиканың қасиетті жерлерімен танысты. Олар қасиетті мекендерді аралау арқылы ұлттық рухын көтеріп, отансүйгіштік деңгейін арттырады. Осы айтылған шара біздің қаламызда да жүзеге асып жатыр. Солардың бірі Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры Роман Айтмағанбетұлы жетекшілік еткен және Жаратылыстану және ақпараттану факультеті, Информатика кафедрасының меңгерушісі Ескермесұлы Әлібек ағайларымыз бастаған, «Тарихи Торғай - Қарт Торғай» атты экскурсияға баруды жоспарлаған болатын.

Адамзат баласы дүниеге шырып етіп келген жеріне кіндігімен байланады. «Туған жер» деген қасиетті ұғымды төбемізге қойып, қастерлейтініміз де сондықтан. Қаз басқан қадамымызға, жетістіктерімізге, ат жалын тартып азамат болғанымызға куә болған сол аяулы мекен туралы естеліктер әрбіріміздің жүрек түпкірімізде сақтаулы. Күнделікті күйбең тірліктен қол босамай, туған жерге ат ізін салмай кетсек те оған деген ыстық ықыласымыз әрбіріміздің көңіл

төрімізде тұр.

Сол бір қасиетті мекенім – Торғай. Туған өлкемнен көшіп кеткелі 5 жыл уақыт өтіпті. Елбасымыздың жобасымен, өзім білім алып жатқан қара шаңырақтың қолдауымен 2019 жылдың қыркүйек айының 27-ші жұлдызында, Информатика кафедрасының 3 және 4 курс студенттерімен, менің туып өскен киелі мекенім – Торғай жеріне экскурсияға аттандық. Қуанышымда шек болмады, себебі туған жерімді курстастарыма көрсету мен үшін бір үлкен қуаныш ұялатты. Туған жерімнің тарихын, кереметтей ғимараттарды, сонымен қатар, мұрағат пен мәліметке толы мұражайларды, ұзын сонар көшелерді көрсетуге асықтым.

Информатика мамандығы бойынша 13 студент және 6 оқытушы жиналып жолға шықтық. Ең алдымен Арқалық пен Торғай жолында орналасқан «Кейкі батыр» кесенесіне аялдауды жөн көрдік. «Кейкі батыр» кесенесіне келіп құран бағыштаушы жолаушылар өте көп, біз барған сәтте бір топ ер азаматтар жүр екен. Ағайларымыз амандасып, жөн сұрасып едік, Кейкі батыр атамыздың ұрпағы болып шықты. Ол кісілерді кездестіреміз деп еш ойламап едік, топ студенттерді көріп ол кісілер де қуанып, өзінің шежіресін, тарихын айтып берді. Кейіннен естелікке суретке түсіп бір марқайып қалдық. Сонымен Кейкі батыр кесенесінің ішіне кіріп, батырымызға құран бағыштап, қол жайып, әрі қарай жол жүріп кеттік.

Торғай жеріне түске таман келіп, Ы.Алтынсарин мұражайына жиналдық. Мұражай басшысы Гүлбану Күлетқызы құшақ жая қарсы алды. «Ең алдымен Ш. Жәнібек мұражайынан бастағанымыз жөн, себебі бар тарихтың бастауы тек осы жерде» – деп, сол мұражайға беттедік.

Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы мұражайы. Мұражайдың ашылу тарихымен таныстырды. Маған таныс мәліметтер болғанымен менің курстастарыма өте қызықты болды. Себебі бір ғана мұражайдың ішінде осындай құнды тарихи ақпараттар бар екенін олар білмеген болатын. Мұражайдың ашылу салтанаты қалай аталып өтілгенін, мұражайдағы құнды деректермен қатар батыр бабаның ұрпағы

Әбдірашит Бектемісовтың жұбайы Ғалия жеңгеміз Шақшақ Жәнібек батыр туының қиындысының тарихын да санамызға сіңіріп баяндап берді.

Торғай жерінде тек бір ғана емес, 5 мұражай бар екені барлығымызға белгілі. Олар: Н. Ахметбеков, Ә. Жангелдин, Ы. Алтынсарин, Ахмет пен Міржақып және Шақшақ Жәнібек мұражайлары.

Әр мұражай өзінің бөлек тарихымен сыр шертеді. Барлық мұражайларға кіріп, тарихымен егжей-тегжейлі таныстырды. Батырларымыздың ұстаған қаруларын, жазушы, ойшылдарымыздың тұтынған заттарын, ешбір жерде кездесе бермейтін түп нұсқа құжаттарды, сонымен қатар фото суреттерді көзімізбен көріп, қолымызбен ұстап көрдік. Өзіміз оқып жатқан қара шаңырақ Ы. Алтынсарин атамыздың мұражайынан да керемет құнды мәліметтер алдық. Құтты бір сол елге, сол жылдарға еніп кеткендей сезімде болдық. Қазақ атамыздың осы жерде бір мақалы есіме түсіп отыр: «Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық». Шынымен де, туған жерімнің тарихын, киелі жер екендігін қанша жыл айтып жеткізсем де, группаластарыма қазіргіздей сезімді сыйлай алмас едім.

Сөзімді қортындылай келе, Оңтүстіктен келген студенттер, өзінің білім алып жатқан жерінің қандай керемет тарихқа толы мекен екенін біліп, сезінді. Осы экскурсия біз үшін өте қызық және керемет өтті. Сонымен қатар менің туған жерімнің тарихын өте әсерлі етіп, студенттерді өзінің әлеміне еліктіріп тұрып түсіндірген, барлық мұражайларды таныстырғаны үшін, Мұражай басшысы Гүлбану Күлетқызына Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік институтының 3-4 курс студенттерінің атынан зор алғысымызды білдіреміз. Бұл жоба әлі жалғасын табады деп сенеміз. Қасиетті қарт Торғайдың тарихын қанша жырласақ та еш таусылмайтыны хақ.

Фарица БОРАНБАЙ,

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Информатика» мамандығының 3 курс студенті.